



Ақмола облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 6С-41-4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 наурызда № 7746 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2021 жылғы 5 қарашадағы № 7С-10-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 05.11.2021 № 7С-10-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 19-бабы 3) тармақшасына сәйкес, Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Ақмола облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының төрағасы

М.Божко

Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

А.Баймагамбетов

Ақмола облыстық
мәслихатының
2020 жылғы 19 наурыздағы
№ 6С-41-4 шешімімен
бекітілген

Ақмола облысы бойынша қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері

Индикаторлар	Факт	Болжам		
		2021 жыл	2023 жыл	2027 жыл
Қоршаған ортаның сапасы				
Атмосфераға ластаушы заттардың меншікті жалпы шығарындысы, тонна	89700	89700	85215	80955
Атмосфераға көміртегі оксидінің жалпы шығарындысы, тонна	18478	18478	17555	16675
Күкірт диоксидінің атмосфераға жалпы шығарындысы, тонна	18454	18454	17530	16655

Ластаушы заттарды тастаудың жалпы көлемі, тонна	37741,8	35854,7	34062	32358,9
Ерекше қорғалатын мәртебесі бар аумақтардың үлесі, облыс ауданынан %	3,2 %	3,3 %	3,5 %	4,0 %
Орман қорының үлесі, облыс алаңынан %	3,9 %	4,0 %	4,2 %	4,5 %
Аң аулау объектілері болып табылатын тұяқты және терісі бағалы жануарлардың негізгі түрлерінің саны, мың дарақтар, атап айтқанда:	0,756	0,794	0,834	0,876
Бұлан	1,632	1,714	1,8	1,89
Бұғы	11,264	11,827	12,418	13,039
Елік	1,915	2,011	2,112	2,218
Қабан	12,454	13,077	13,731	14,418
Түлкі	72,23	75,842	79,634	83,616
Қоян	435,283	457,047	479,899	503,894
Суыр				
Көкшетау қаласының ірі қиылыстары аумағындағы шудың баламалы деңгейі	60-65 дБА 1,1-1,2 ШРД	60 дБА 1,1 ШРД	57,75 дБА 1,05 ШРД	55 дБА 1 ШРД
Өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату көлемі, %	8,79 %	15 %	20 %	30 %
Қатты тұрмыстық қалдықтарды олардың пайда болуына қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату көлемі, %	15 %	20 %	30 %	50 %
Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алған полигондардың көлемі	21,5 %	30 %	60 %	100 %
Экологиялық төлемдерден алынған қаражаттар мен қоршаған ортаны қорғауға арналған облыстық бюджеттің шығыстары арасындағы арақатынас, %	15,9 %	30 %	60 %	100 %
Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі, қоршаған ортаны қорғау шығындарынан %	1 %	5 %	8 %	10 %

Ескертпе:

*аббревиатуралардың толық жазылуы:

*ШРД - шекті рұқсат етілген деңгей;

*дБА - акустикалық децибел;

*% - пайыз.